



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

В студенческом возрасте оформляется тяга к лидерству как особому виду деятельности, формируются основы лидерских качеств. Пробуя себя в этом качестве обучающиеся, выполняют определенные социальные и лидерские роли, пытаются разобраться в проблеме лидерства, вырабатывают у себя тот или иной лидерский стиль, идентифицируют себя с известными лидерами.

Лидерские качества закладываются и первоначально воспитываются в семье и школе. Это актуализирует проблему изучения воспитательного потенциала семьи и школы в деле формирования личности ребенка – лидера, так как семья и школа являются институтами, заинтересованными в воспитании лидерских качеств у человека и способными это осуществить, именно их действия и роль во многом определяют личностные качества будущего лидера.

#### Список литературы:

- 1 Кричевский Р. Л. Психология лидерства в коллективе. – М.: МГУ, 2010. – 992 с.
- 2 Кон И. С. Психология ранней юности. – М.: Наука, 2015. – 225 с.
- 3 З.Бисалиев Р.В., Куц. О.А., Кузнецов И.А., Деманова И.Ф. Психологические и социальные аспекты адаптации студентов // Современные наукоемкие технологии. – 2019. – № 5. – С. 29-44.
- 4 Ломов Б. Ф. Общение как проблема общей психологии // Общение и социальная регуляция поведения индивида. 2013. –№ 6. – С. 47-49.
- 5 Панферов В. Н. Психология общения //Вопросы философии. – М.:Сфера, 2012. – 430 с.
- 6 Алифанов С. А. Основные направления анализа лидерства // Вопросы психологии. 2017. – №3. – С. 16-21.
- 7 Стефаненко Т.Г. Социальные стереотипы и межличностные отношения. – М.:Прогресс, 2019. – 497 с.
- 8 Божович Л. И. Проблемы формирования личности. – М.: Изд-во НПО «МОДЭК», 1997. – 352 с.
- 9 Рогов Е. И. Психология общения. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2011. – 336 с.
- 10 Андреева Г. М. Межличностное восприятие в группе. – М.: Изд-во МГУ, 2011. – 184 с.
- 11 Андреева О. И. Феномен лидерства. – М.: Освита, 2004. – 312 с.

ӘОЖ373.1

### БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Айтекова Анар Рапильбековна  
Жаратылыстану ғылымдарының магистрі,  
Ю. Гагарин мектеп-лицейінің директоры  
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы  
Бегманова Дәметкен Әбілекқызы  
Ю. Гагарин мектеп-лицейінің директоры  
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы  
Әбдіәлі Ақанай Әбуұлы  
әлеуметтік зерттеуші  
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы  
E-mail: direktor010101@mail.ru

#### Аңдатпа

Берілген мақалада жаһандану дәуірінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығы қалыптасуына әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсері туралы мәселе қарастырылған. Функционалдық сауаттылықтың қалыптасуына отбасы жағдайы, мектептегі оқыту және басқару жүйесі секілді факторлардың әсері көрсетілді. Осындай факторларды есепке ала отырып, ата-аналарды мектеп өміріне белсенді араласуына жағдай жасау жағы қарастырылды.

**Кілт сөздер:** функционалдық сауаттылық, әлеуметтік-экономикалық факторлар, білім сапасы

### **Аннотация**

*В данной статье рассматривается вопрос о влиянии социально-экономических факторов на формирование функциональной грамотности обучающихся в эпоху глобализации. Показано влияние на формирование функциональной грамотности таких факторов, как семейное положение, система школьного обучения и управления. С учетом таких факторов была рассмотрена сторона создания условий для активного вовлечения родителей в школьную жизнь.*

**Ключевые слова:** функциональная грамотность, социально-экономические факторы, качество образования.

### **Abstract**

*This article discusses the impact of socio-economic factors on the formation of functional literacy of students in the era of globalization. The influence of factors such as marital status, school system and management on the formation of functional literacy is shown. Taking into account such factors, the side of creating conditions for the active involvement of parents in school life was considered.*

**Key words:** functional literacy, socio-economic factors, quality of education.

Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптары өзгеруде. Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдары да адамдықоғамның ең маңызды құндылығы ретіндетанып, оныңруханижан-дүниесінің дамуына, көзқарастары ме шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарыныңжоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау[1. 4 пункт]. Осыған сәйкес елдің білім беру жүйесі терең де сатылы стратегиялық жаңғырту кезеңін бастан өткеруде. Бұл ретте ел президенті Қ.К.Тоқаев білім беру жүйесіндегі олқылықтарға тоқтала келе, бұл саланың сапасын арттырудыңүлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқаратындығын атап өтеді.

Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесуі, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор [2]Переход на 12-летнюю модель образования]. Функционалдық сауаттылық- оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болып, кейін зерттеушілердің күнделікті өміріне енді. Функционалдық сауаттылық (ФС) кең анықтамасында білім берудің (ең алдымен жалпы) адамның көп қырлы қызметімен байланысын біріктіретін жеке тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде көрсетіледі, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін негізгі факторлардың біріне айналуда [3. 2пункт].

Функционалдық сауаттылық – адамның ортаға тез бейімделіп, қарым- қатынасқа түсе алу қабілеті мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Функционалдық сауаттылық тұлғаның бүгінгі еңбек нарығында бәсекеге түсе алуға қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады [4.с.327]. Дегенмен функционалдық сауаттылық білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамудың өлшемі. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның сапалық сипатын арттыру тұрғысынан қарағанда жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Демек функционалдық сауаттылықты дамыту мәселесінің бүгінгі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің басты мәселесіболып белгіленуі мәселенің өзектілігінарттырып отыр.

Функционалдық сауаттылық ғылымның әр саласындағы зерттеушілердің назарына іліккен мәселе. Атап айтсақ, Б.С.Гершунский, В.В.Мацкевич, т.б. білім беру философиясы тұрғысынан; С.А.Танган, И.А.Колесникова т.б. үздіксіз білім беру аясында; А.В.Хуторской, О.Е.Лебедев т.б. құзіреттілік амал тұрғысынан қарастырған. Мәселеге қатысты ғылыми еңбектер қазақстандық ғалымдарының да зерттеулеріне де арқау болған. Мысалы, функционалдық сауаттылықтың теориялық және практикалық жағынан зерттелуі көптеген ғылыми еңбектерге арқау болған. Нақты тоқталатын болсақ, Т.И. Акатов студенттің тілдік функционалдық сауаттылығын тілдік мәдениетпен байланыста қарастырса, Н.Оразахынова, Г.М.Кенжебаева, А.К.Рауандина сынды отандық ғалымдар қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мәселесін қарастырған.Сондай-ақ М.Р.Омирбаева



Ж.Н.Табуктинова М.О.Кунусова А.А.Жангабулова сияқты жекелеген авторлардың функционалдық сауаттылықты дамытудың әртүрлі астарларына қатысты еңбектері бар.

Дегенмен, қоғамның функционалдық сауаттылық деңгейі жоғары тұлғаларға деген сұранысының артуы мен мәселені мектеп-лицей жағдайында шешудің кешенді жүйесінің жасалмағандығы;

- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда пәндердің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажеттілігі мен педагогикалық үрдісте оқытудың жаңашылдық әдістері мен технологияларының, оқыту нәтижелерін бағалаудың мониторингтік зерттеулерінің толық пайдаланылмауы;

- мұғалімдердің оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға кәсіби тұрғыда даяр болуының қажеттілігі мен бұл бағытта мектеп лицейдегі әдістемелік жұмыстардың бұл мәселені шешуге технологиялық, тәжірибелік тұрғыдан жеткіліксіз бағдарлануы мен қамтамасыз етілуі арасындағы қарама-қайшылықтар [5. с.26-29];

- ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатыспауы;

- ата-аналардың баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдермен тығыз байланыс жасамауы;

- ата-аналарға арналған әдістемелік семинарлар мен тренингтер өткізілмеуі;

- қосымша білім беру жүйесінің (жас техниктер, музыка мектептері, натуралистер, оқушылар сарайы, балалар мұражайы, ғылыми үйірмелер, т.б.) жұмысының нәтижесіздігі;

- отбасындағы зорлық-зомбылық;

- балалардың өзгермелі өмірге үйренбегендігі, т.б. бар екендігі анықталды.

Аталған қарама-қайшылықтар оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға әсер ететін жағдайларды айқындау мәселесін туындатып, зерттеу тақырыбын «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығы қалыптасуына әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсері» деп таңдауға негіз болды.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығына әсер етуші факторлар өте көп. Мысалы, біздің немесе басқа мемлекеттерде кез-келген саласын алып қарасақ, рейтинг үшін жұмыс істейді. Мектеп директорлары да мектептің рейтингін ойлап, педагогтарға түрлі керек емес іс-қараларды талап етеді, әртүрлі қажет емес, мақсатсыз іс-шараларға қатыстырып, ұйымдастырғызады. Ал оның барлығы тек уақытты шығындаушы. Осындай қажет емес дүниелердің орнына педагог сабағына дайындалса, нәтижелер мүлдем басқа болар ма еді. Ал оның нәтижесінде білім сапасы төмендейді.

Педагог пәннен тек терминдермен, фактімен, тірек сөздермен ғана жұмыс жасаса, білім алушының функционалдық сауаттылығы қалыптаспайды. Ондай фактілік білімді бала өмірде қолдана алмайды. Сондай-ақ баланың сын тұрғысынан ойлауы емес, логикалық ойлауы да төмендеп кетеді. Қазіргі мектептердің басты мақсаты, баланы өмірге емес, тестке дайындау болып өзгерген. Оған кінәлі әрине мектептердің рейтингке жұмыс істеуі. Оқушылар тестке дайындалу барысында көп фактілер мен мәліметтерді жаттап шығады, бірақ ол тек пәндік факті болып табылады.

Білім алушылардың кітап оқымауы. Қазіргі жастардың басты проблемаларының бірі кітапоқу. Ресми деректерге сүйенсек, мектеп жасындағы балалардың 40%-ы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен.

Кітап-білім бұлағы деп данышпан халқымыз бекер айтпаған. Өмірінде әдеби мәтін таныған адам мәтін жазуда да, логикалық ойлауда да және ойлаудың нәтижесінде келген қорытындысында да қателеспейді.

Баланың отбасылық жағдайы, әлеуметтік ахуалы да маңызды фактор болып табылады. Баспана, тамақ, киім, одан кейінгі ата-ананың қарым-қатынасы, әке-шешенің ішкілікке салынуы, ажырасу, балаларға зорлық-зомбылық, үнемі көшіп-қону сияқты көптеген отбасындағы жағдайларды атауға болады. Ал бала да осындай проблемалар болғанда біздің оны рухани тәрбиелеуіміз, біліммен нәрлендіруіміздің оң нәтижесі болуы екіталай.

Бұл аталған факторлардың барлығын болмаса да, кейбіріне біздің мектеп-лицей жанында да көріп отырмыз.

Біз жаһандану дәуірінде әлемнің озық елдеріндегі орта білім берудегі білімнің сапасының жоғары болуына қандай қадамдар арқылы жетеміз? Халықаралық зерттеулер бойынша алдыңғы қатарлы елдердің (Аустралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея т.б.) көрсеткіштері білім алушылардың функционалдық сауаттылығына мынадай факторлардың әсер ететінін көрсеткен:

- 1) Білім мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);

- 2) Оқытудың түрлері мен әдістемелері;

- 3) Білім алушылардың оқу жетістіктерін диагностикалау және бағалау жүйесі;

- 4) Мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;

5) Мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысаны, оқу жоспарын реттеуде мектеп автономиясының жоғары деңгейі);

6) Барлық қызығушылық танытқандармен әріптестік принциптергенегізделген достық жағдайдағы білім беру ортасының болуы;

7) Балалардың оқытудағы және тәрбиелеудегі ата-аналардың белсендірөлі.

Отбасы баланы ерте жасынан рухани құндылықтарға, тиімді және жемісті өмір сүруге баулуы қажет. Халықаралық зерттеулердің талдауы бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығының деңгейіне ата-аналардың оқыту мен тәрбиелеу процесіне араласуының оң әсер ететінін көрсетті. Және тағы бір факторлардың бірі баланың жан-ұя ресурстарының: ата-ананың білім деңгейі, олардың кәсіптік қызметтері, үйдегі кітап қоры, интернетке кіру мүмкіндігі, балалардың өз бөлмесінің болуы да әсер етеді. Сонымен қатар, балалардың функционалдық сауаттылығына, олардың дамуы мен жетістіктеріне теріс іс-қимылдары әсер етеді [6, с. 20].

Баланың функционалдық дамуына әсер тигізуші ата-ана деп есептейтін болсақ, онда ата-аналарды мектептің өміріне белсенді араласуын көздейтін іс-шаралар ұйымдастырылуы қажет.

Ойын еркін айтатын, сын тұрғысынан ойлауға бейім, интеллект қабілеті дамыған, өмірде өз орнын таба алатын тұлғаны қалыптастыру тек мектептің ғана емес, ата-ана, қоғамның да жауапты ісі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». 14.12.2012. 4-пункт
- 2 Государственная Программа развития образования Республики Казахстан 2011-2020 годы от 7 декабря 2010 года. (Переход на 12-летнюю модель образования)
- 3 Национальный план действий по развитию функциональной грамотности на 2012-2016 годы. 2 пункт.
- 4 Компетенции в образовании: опыт проектирования: сб. науч. тр. / Под ред. А.В. Хуторского. – М.: Научно-внедренческое предприятие «ИНЭК», 2007. – 327 с.
- 5 Перминова Л.М. Минимальное поле функциональной грамотности (из опыта С.-Петербургской школы) // Педагогика. 1999. – №2. -26-29 с.
- 6 Перминова Л.М. Функциональная грамотность/ неграмотность как социально-педагогическое явление. – М., 2003.-8 с.

ӨОЖ 374.7

#### **ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫҚ ІС» («ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ЗАҢ НЕГІЗİNДЕ)**

Алимбаева Айбала Абдулкаримовна  
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі  
Әулікөл бастауыш мектебі  
Әулікөл, Қазақстан  
Тилеубай Азира Асхатовна  
педогог-логопед, педагогикалық ғылымдар магистрі  
Әулікөл бастауыш мектебі  
Әулікөл, Қазақстан  
Муканова Гульшат Шариповна  
тәрбиеші  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының  
Әулікөл ауданы білім бөлімінің  
«Новонежин «Балдәурен» бөбекжайы» МКҚК  
Новонежин, Қазақстан

#### **Аңдатпа**

Мақалада мұғалім мамандығының маңызы, оның қоғамдағы орны мен мәртебесі тәңірегіндегі өзекті мәселелер қарастырылған. Мұғалімнің жауапкершілігі мен міндеттері айқындалған. Оқушыға тәлім-тәрбие берумен қатар білімді тоқуды меңгертуде мұғалімнің рөлі маңызды. Жұмыста ойшылдардың еңбектері және «Педагог мәртебесі туралы» заң туралы пайымдаулар жасалған.

**Түйін сөздер:** ұстаз, педагогтік әдеп, «толық адам», еңбек, «Үздік педагог», мәртебе